

## "Қызмет" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 7 қыркүйек 1993 ж. N 830. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.20. N 758 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республикалық және облысаралық маңызы бар халықтың тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде "Қызмет" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын.

Компания басқармасының тұрағы Алматы қаласы болып белгіленсін.

2. Компанияға тұтыну тауарларын өндірудің және тұрмыстық қызмет көрсетуді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру, тұрмыстық қызмет саласын дамыту үшін материалдық шикізат және құрал-аспап базасын нығайту міндеттері жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

бір ай мерзімде осы қаулыға тіркеліп отырған қосымшаға сәйкес Компанияның құрамына кіретін мемлекеттік кәсіпорындардың, ұжымдар мен акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарының пакетін әзірлесін;

заңда белгіленген тәртіппен Компанияға өз құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқын, сондай-ақ бұрын қайта құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқын берсін.

мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерленуіне қарай Компанияның иелігіне, пайдалануына және басқаруына қайта құрылатын кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакеттерінің Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасында көзделген ретпен Меммүлікком арқылы сатылатын акциялар пакеттерінен басқалары берілсін;

бір айлық мерзімде Компанияның мүліктік кешенін қалыптастыру жөніндегі жұмыс аяқталсын.

4. Компанияның Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі

мемлекеттік комитетімен және оның аумақтық органдарымен бірге тұрмыстық қызмет көрсету саласында мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру және аумақтық маңызы бар кәсіпорындар негізінде дербес акционерлік қоғамдар құру ісін бірлесе атқаруы белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компания президенті лауазымына кандидатура және оның Бақылау кеңесінің құрамы жөнінде ұсыныстар енгізсін.

6. Қазақ КСР Министрлер Советінің "Қазақ КСР халық тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының, бірлестіктерінің және ұйымдарының республикалық одағын (Қазтұрмысодақ) құру туралы" 1990 жылғы 29 желтоқсандағы N 558 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 6, 43-бап).

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 7 қыркүйектегі

N 830 қаулысына

Қосымша

"Қызмет" мемлекеттік акционерлік компаниясының

құрамына кіретін халыққа тұрмыстық қызмет

көрсету кәсіпорындары мен ұйымдарының

Тізбесі Крючков атындағы тәжірибе-механикалық зауыты,

Алматы қаласы Қазтұрмысодақтың материалдық-техникалық жабдықтау

жөніндегі республикалық базасы, Алматы қаласы

Қазтұрмысодақтың механикаландыру және көлік басқармасы (МКБ),

Алматы қаласы

"Арай" жалгерлік кәсіпорны, Алматы қаласы

"Әсем" тұрмыс үйі, Алматы қаласы

"Сарыарқа" фирмасы, Қарағанды қаласы

Тұрмыстық техника жөндеу, Қарағанды қаласы

"Қарабұлақтұрмысжиһаз" фабрикасы, Талдықорған облысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК